

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

подвластной человеческому пониманию. Для русского человека черный цвет всегда ассоциировался со всем отрицательным, что позволило автору передать читателям негативное отношение Бездомного к действующему лицу своей поэмы – Иисусу.

Подводя итог, можно сказать, что основная трудность при переводе ФЕ, отражающих религиозные верования и ритуальные формы культуры – это различия культуры и мировоззрения. Наличие ФЕ, не имеющих эквивалентов как по структуре так и по внутренней форме, говорит об уникальности языковых картин мира англо и русскоговорящих социумов, а также подчеркивает разный строй указанных языков. Картина мира лингвокультурного общества в целом формируется языком как средством воплощения тех или иных культурных установок, стереотипов, символов, эталонов, которые организуют данный социум в сообщество. Каждый язык отражает мир по-своему, тем самым, складывая наивную языковую картину мира, во многом определяющую специфику национального мировидения. А фразеологическая единица является своеобразным константом мировидения, которое хранит и воспроизводит культурные традиции общенародного менталитета.

Список использованных источников

1. Черданцева Т.З. Язык и его образы: Очерки по итальянской фразеологии: учеб. пособие/ Т.З. Черданцева. - М.: ЛКИ, 2007. - 168с.
2. Федуленкова Т.Н. Фразеология и типологии: к типологической релевантности фразеологии/ Т.Н. Федуленкова// Филологические науки. - 2005-№1. - с.74-80.
3. Потапушкин Н. А. Фразеологические единицы русского языка В лингвокультурологическом аспекте.- М.: Изд-во УМУ РУДН, 2000.- 123 с.
4. Булгаков М. А. Мастер и Маргарита, Москва: Современник, 1984 - 368 с.
5. Этимологический словарь Фасмера URL: <http://fasmer-dictionary.info>
6. Новгородский областной словарь под ред. В. П. Строговой, Новгород, 1971
7. The Master & Margarita, Ginsburg, Mirra transl, New York: Grove. 1967, 398 p.
8. Master and Margarita translated by Diana Burgin and Katherine Tiernan O'Connor/ Vintage books/ A division of Random House inc. New- York 1995 373p.
9. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. - Спб., 1863-1866

УДК 81'253

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АЯСЫНДАҒЫ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маулан Мадина

m_m.1998@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бескемер А.

Аударма - адам қызметінің байырғы түрлерінің бірі және күрделі көп қырлы құбылыс. Ықылым заманнан бері басқа мәдениет, ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты мүмкін етіп отырған – осы аударма. Мәдениетаралық қарым-қатынаста аударманың алатын орны айрықша, яғни ол халықтар достастығының дәнекері. Мәдениет аралық қарым-қатынас-эртүрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірімен араласуы мен өзін осындай тектес қарым - қатынаста қалай ұстайтынын қарастыратын ғылым нысанасы. “Мәдениетаралық коммуникация” термині тар мағынасында әдебиетте 1970 жылдары пайда болды [1]. Сол кезге қарай мәдениетаралық қатынас жағдайларында коммуникативтік сәтсіздіктер мен олардың салдарын зерттейтін ғылыми бағыт та жасақталды. Соңынан мәдениетаралық коммуникация ұғымы аударма теориясы, шет тілдерді оқыту, салыстырмалы мәдениеттану, контрастивті прагматика және басқа салаларға тарады. Әр тілді халықтар өкілдерінің қарым

- қатынасы кезінде бір-бірін түсінетін әлдебір ортақ тіл қажет. Мұндай жағдайда қарым-қатынасты жүзеге асыратын мүмкін тәсіл - аударма. Аударма процесі дұрыс бағытта жүріп отыруы көлікке қажет жүргізуші іспетті. Екі тілді ғана емес екі мәдениетті білетін аудармашы - екітілді және екімәдениетті тұлға. Аудармашының стратегиясын жол бағыттаушыларын қадағалаумен салыстыруға болады. Аудармашы үшін аударма жасамастан бұрын мәдени элементтердің анализін жасау маңызды. Аударма - мәдениет шекарасындағы қарым қатынастың лингвистикалық ғана емес, сондай-ақ мәдениеттік актісі. Аударма процесі үнемі екі аспектіден тұрады: ажырамас тіл мен мәдениет. Тіл мен мәдениет өзара байланысты: тіл тек қана мәдени шындықты ғана көрсетіп қоймай, оған пішін де береді.

Лингвистикалық элементтердің мағынасы олар қолданылып тұрған мәдени контекстте үйлескенде ғана түсінікті болады. Аудармашылар мәтінді бір тілден екінші тілге аудару барысында сапа мен шарт деңгейіндегі айырмашылықтарға көп назар аударуы тиіс. Аудармадағы басты талап аударма мәтіні аударма тілі үшін де, өз тілі үшін де сол мағынаны беру қажет. Аудармашы екі тілді жетік білуімен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы мәдени дәрежесіне байланысты. Этномәдениеттік ерекшелік көбіне өзара әрекеттестікке ғана емес, коммуниканттардың соқтығысына да алып келеді. [2] Мұндай жағдай шет тілдік мәтінді аударғанда да орын алады: аудармашы мен автор әртүрлі этномәдениеттердің өкілі болғандықтан аудармашы әлемінің ерекшелігі аударма мәтінінде көрініс таппауы мүмкін емес. Осыған байланысты мәдениет аралық қарым- қатынас пен заманауи аударманың қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктегі негізгі ұғымдарын анықтап алу қазіргі таңда қызық болып отыр. Ол үшін аударма функциясының ортақ механизмдерін бастапқы және аударма мәтіндері ретінде көрініс табатын жанама мәдениет аралық қарым - қатынас актісі тұрғысынан зерттеу қажет. Бірінші кезекте әңгіме мәдени және тілдік реалиялар туралы, яғни елдің дәстүрі, батырлары, тарихы, мәдениеті, тұрмыс салты туралы нағыз фактілер. Реалиялармен қатар тілді тасымалдаушылардың ұлттық мәдени семантикасы эквивалентсіз лексика және жалпы лексика деп аталады. Лингвомәдениетшілердің жұмыстарында комплексті дәрежеаралық бірлікті, тілдік таңбаның форма жиынтығы алып жүретін, оның мазмұны мен мәдениеттік мәнін кең мағынада айқындайтын лингвомәдениет термині қолданылған. Заманауи мәдени маркерленген бірліктер мен құбылыстарды жіктеуде паралингвистикалық және вербалды паралингвистикалық құралдар (мимика, жест, дене қозғалыстары, салт - дәстүрлер, этикет) маңызды орын алады. [3] Олар қабылдау мен түсіндіру тұрғысынан маңызды қарым қатынастың мәдени контекстіне қосылады. Реалияларды жіктеу мәселесі оларды аударма тілінде берудің оптималды жолдары мен көптеген талпыныстар жасалған аударманың теориясы мен практикасының ішінде зор мәнге ие болды. Реалияларды айрықша жіктеуді болгар зерттеушілері С:Флорин мен С Влахов жасаған. Олардың еңбегі реалияларды талдау үшін әр түрлі әдістерді біріктіруге тырысқандығынан көрініс табады. Осылармен қатар тіл, аударманың формасы мен тәсілдері, оларды таңдау жолдары секілді басқа да көрсеткіштер есепке алынады. Лингвистика ғылымында адам мен қоршаған ақиқатты бірнеше әлемдік картиналардың түрлерін мәдениеттік, тілдік, шынайылық кешенді функционалдау арқылы қарастырады. Тілді тасымалдаушының жан жақты жалпы білімінен көрініс табатын шынайы әлем картинасы - осы кешеннің бірінші құрамдас бөлігі. Кешеннің екінші құрамдас бөлігі ретінде мәдени әлемдік картина қарастырылады. Мәдени картина құндылықтар, нормалар, өз мәдениетінің немесе басқа да мәдениет менталитеттерінің жиынтығы ретінде көрініс табады. Ол шынайы өмірдің сезім мүшелері арқылы қабылданып, сана- сезімі арқылы өткен адамның көзқарастары негізінде қалыптасқан көрінісін қамтамасыз етеді. Бір ұлт өкілдерінің индивидуалды әлемдік картиналары көбінесе ұқсас келеді, өйткені олар географиялық (климаттық және табиғат жағдайы), культтік (сенім, дәстүр, өмір сүру салты) сияқты бірдей факторлардың әсерінен қалыптасады. Мәдени әлемдік картинаның ұлттық спецификасын тілде айқындалған адамның спецификалық қабылдауы тұрғысынан түсіндірілетін тілдік әлемдік картинада ол өзінің көрінісін табады. Шынайы әлемдік картина ойлаудың қатысуымен тіл мен тасымалдаушысына әсерін тигізіп тілдік бірліктердің

қолданылуының ерекшеліктерін анықтауда олардың байланысын көрсетеді. Араласу барысында коммуниканттар екі тіл мен екі этномәдениет әсерін сезінеді де, мамандар бірінші реттік әлемдік картина және екінші реттік әлемдік картина терминдерін қолданады. Олардың өзара әрекеттестігі психологиялық планда өте күрделі процесс. Өйткені туған этномәдениет пен туған тілдің интерференциясын сезінген қарым қатынас мүшелерінен басқа әлемдік көрініске дағдылану талап етіледі. Аудармада мүмкін этномәдениеттік аудару қиындықтарын белгілеу үшін лингвоэтникалық барьер деген түсінік бар. Оның құрамына аудармада қатысатын тілдік жүйелердің қайшылықтарын, олардың тілдік нормалары мен сөйлеу нормалары және тасымалдаушыларының қайта ақпараттандырылған қайшылықтары кіреді. Лингвоэтникалық барьерге қарым қатынастың сыртқы факторлары емес ішкі (қарым қатынастық компетенция, сенімдер, дүниетанымдар, қызығушылықтар, дағдылар) факторлары әсерін тигізеді. Аударма барысында аудармашы лингвоэтникалық барьерді бейтараптандырып және семантикалық қабылдау қателігін тоқтатуы қажет. Оны жақсы орындау үшін аудармашы модификациялар мен трансформациялардың жиынтығын білуі қажет, соның ішінде оған аударма мәтініне оның мәнін айқындайтын қосымша ақпарат қосуға кеңес беріледі. Дәстүрлі түрде мәдениетаралық қарым қатынас мәдениет диалогы ретінде көрініс табады. Тіл мен мәдениет тасымалдаушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктері өзара түсінушілікті өте қатты қиындатуы мүмкін, өйткені коммуниканттардың мінез-құлқын, ойлау қабілетінің спецификасын ескеру қажет. Индивидуалдық деңгейдегі мәдениет аралық қарым қатынас көбінесе өзімен серіктестер арасындағы қарапайым айырмашылықтарды түсінбейтін әртүрлі дүниетанымдардың соқтығысын көрсетеді.

Аударма кезінде этномәдениеттердің соқтығысуы аудармаға семиотикалық тұрғыдан ықпал жасаудан болады. Мысалы, И.Э. Клокановтың семиотикалық зерттеу жүйесінде аудармаға әртүрлі тіл тасымалдаушылары лингвомәдениеттік потенциал мен басқа лингвомәдениет потенциалының қарым қатынастағы бірінші дәрежелік орынды алатын коммуниканттық әрекеті жатады. Мәдениет аралық қарым қатынас теориясында мәдениеттің ерекшеліктері мен олардың арасындағы айырмашылықтарға сипаттама беру жүзеге асатын арнайы категориялар ойлап табылған. Оларға өзі мен кеңістікті тану, киім мен сыртқы көрініс, вербалды және вербалды емес қарым қатынас жүйесі, ойлау қабілеті мен оқытудың әдістері, еңбек пен жұмысқа деген қарым қатынасты ұйымдастыру жатады. Осы сияқты категориялармен басқа да мәдени тақырыптарды неміс ғалымдары да атап келтіреді: «Тамақ» („Essen“), «Жұмыс» („Arbeit“), «Өзін өзі ұстау» („Verhalten“), «Уақыт» („Zeit“), «Сыпайылық» („Höflichkeit“) және т.б. Категориялардың өзгешеліктері көбінесе басқа мәдениетті білмеу салдарынан туатын сөйлеу немесе өзін өзі ұстау актінің дұрыс түсінбеушілік салдарынан туындайды. [4] Мұндай жағдайларды әдетте коммуникативтік сәтсіздік деп атау келісілген. Коммуникативтік сәтсіздіктердің себебі, мысалға, тілді қолдануды реттейтін лексико-фразеологиялық шектеулер болады және олар тілдің жалған эквиваленттерін білмеуден көрінуі мүмкін. Этноспецификалық ассоциациялар мен олардың көрсетілулері әртүрлі каннотациялар мен әр тілдегі сол сияқты сөздерінің пайда болуын анықтайды, сондықтан олар өзге этномәдениет өкілдерінің қарым қатынастарында көбіне эквивалентсіз аударма мен жалпы лексикадан әлдеқайда көп қиындықтар туғызады. Коммуникативтік сәтсіздіктер тек қарым қатынастардың кодын (тілдің) (лингвистикалық сәтсіздік) білмеуден ғана емес, одан тыс білімнің (семиотикалық сәтсіздік) болмауынан пайда болады. Семиотикалық қателердің әдеттегі жағдайларына басқа мәдениеттің семантикасын түсінбеу жатады. Мұндай коммуникативтік сәтсіздіктер көбінесе түсіндірілмейді, сондықтан күшті мәдениетаралық қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Осы себепті мәдениетаралық қарым-қатынастың спецификалық процестерді бір-бірінің бөтен факт ретінде қаралатын серіктестердің өзара әрекеті ретінде аудару қажет. Қарым-қатынастың басты мақсаты мәдениетаралық айырмашылықты жеңуге ұмтылу мен қарым-қатынасты есепке алуда көрінетін серіктестіктің бөтендігі болып табылады. [1]

Мәдени коммуниканттар мәдениет аралық өзара әрекеттестікте каклакунизацияланған объекттер ретінде болады, бірақ бір-біріне әртүрлі түсіндіріледі және ашылады. Сәйкесінше

мәдениеттердің өзара әрекеттесуі лакунды жояды, коммуникацияның мүшелері басқа мәдениеттер туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оларды лакундар сияқты қабылдауын қояды және араласу процесі жақсырақ жүреді. Әр мәдениетті таңбалардың жүйесі ретінде түсіну, ал мәтінде берілген жүйенің элементі ретінде түсіну аудармашының екісемиосфераның, яғни өзінің және өзгенің торабында тұрғынын көрсетеді.

Қатысушылардың саны мен олардың арасындағы қашықтықтар бойынша қарым-қатынастың (коммуникацияның) түрлері:

1) тұлғааралық (шағын топ, соның ішінде отбасы) қатысушылардың ең аз саны.

2) кәсіби (бизнес үшін)

3) бұқаралық (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы)

4) мәдениетаралық (түрлі мәдениеттер арасындағы)

Функционалдық көзқарас тұрғысынан

1) ақпараттық

2) коммуникативтік

3) аффективтік бағалау (сезім, пікірлер)

4) рекреациялық (ойын түріндегі демалыс үшін ақпарат)

5) сендіру (әр түрлі мәртебедегі адамдар арасындағы, идеологиялық көзқарастар)

6) салттық (дәстүр, салт)

Тілді қолдану бойынша

1) ауызша

2) вербальды емес

Байланыс ауызша емес құралдары:

1) кинесика (мимикалық, көзқараспен, ишараттары, поза)

2) просодика (интонациясы мен дауыстық агенттері)

3) такесика (жанасу)

4) сенсорика (сенсорлық қабылдау, сезім өрнек)

5) проксемика (ғарыштық байланыс құрылымы)

6) хронемика (уақытша байланыс құрылымы)

Вербальды емес қарым-қатынас функциялары:

1) ауызша емес байланыс ауызша байланысты толықтырады толықтырады

2) ауызша емес байланыс ауызша байланысқа қайшы

3) ауызша емес байланыс ауызшаны ауыстырады

4) ауызша емес қарым-қатынас ауызшаны реттеуші болып табылады. Байланыс табиғаты қашықтықта қысқарту немесе ұлғайту байланысты [4].

Коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Мұның өзі коммуникацияның мынадай түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Тәжірибелердің көрсетуі бойынша осы сияқты аударма түрлерінде, әсіресе экономикалық мәдениетаралық қарым-қатынастағы инфинитивтік және эмфатикалық конструкциялар, анықтауыш-зат есім құрылымдары және ең қауіптісі – терминдер көп қиындықтарды тудырады. Еуропаның ресми және іскерлік қарым-қатынастар шеңберінде көп қолданылатын Еуроодақтың жана терминдік жүйесінің пайда болуы аудармашылар мен лингвисттер үшін өте көп қиындықтар туғызды. Ол терминдерді мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады:

- мақұлданатын сөздер, мысалы, motorway to highway, official to civil servant, ring road to beltway, non-governmental organizations to non-profit organizations;

- мағыналары жақын, бірақ аударма тілінде толық сәйкес келмейтін терминдер: steering committee – басқарушы комитет, memorandum of understanding – мақсаттар жайлы меморандум; terms of reference – техникалық тапсырма; NonGovernmental Organizations (NGOs) – қоғамдық, коммерциялық емес организациялар; inflow/outflow tourism – елге келушілер/сыртқа шығу туризм; independent tourism – өз бетінше ұйымдастырылған туризм

(спорттық, шытырман оқиғалы); off-season tourism – сезондық емес кездегі туризм; small and medium sized enterprises (SME) – орташа және кішкене кәсіпорындар;

- аударма тілінің мәдениетінде мүлдем жоқ сөз: public private partnership (PPP) – жеке қоғамдық серіктестік; strengths, weaknesses, opportunities and threats analysis – SWOT – анализ (күшті жақтарын, әлсіз жақтарын, тәуекел мен мүмкін)діктердің; log-frame approach – логико-структуралық тәсіл;

- батыс мәдениетінде мүлдем жоқ сөз: oblast – область ;

- аударма тілінде басқаша қабылданған сөздер: issue – мәселе (сұрақ деңгейінде); problem – проблема (күрделі); question – сұрақ (проблемалық тұрғыдағы болуы мүмкін); economic – экономикалық; economical – үнемшіл; stable – тұрақты (steady); sustainable – тұрақты (өзгермейтін); judicial – соттық; juridical – құқықтық; wasteland – бос жерлер; damp site – қоқыс тастайтын жер; fresh water – тұщы су; water supply – су құбыры; hazardous – зиянды; detrimental – шығын әкелетін; deteriorative – бүлдіргіш.

Осы сияқты іскерлік немесе басқа мәдениетаралық қарым-қатынастарда аудару барысында аудармашыға қиындық тумас үшін аудармашы жан-жақты , яғни барлық нәрселерден хабардар тұлға болуы қажет. Шет тілдік мәтінді аудару мәдениет аралық қарым-қатынастың актісін көрсетеді. Ол акті аудармашының әлемдік картинасының спецификасы мен мәтіннің құрамына кіретін бірліктердің мәнін анықтауға бағытталған. Бұл жағдайлар мәтіннің мазмұнының өзгеруіне алып келеді. Ал ол өзгерулер кейбір жағдайларда дұрыс түсінбеушілікке, яғни коммуникациялық сәтсіздіктерге алып келуі мүмкін. Оның бәрі аудармашыға байланысты екенін есте сақтаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. С. 20-53.
2. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Высшая школа, 1983. 303 с.
3. Антипов Г.А., Донских О.А., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. – Новосибирск: Наука, 1989. 194 с.
4. Томахин Г.Д. Реалии-американизмы. Пособие по страноведению: учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. – М.: Высшая школа, 1988. С. 30-87.
5. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. С. 32-83.

УДК 811.512.122'374=111

ҰЛТТЫҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Махсотова Назерке Исатаевна

makhsotova07@mail.ru

3-курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,

Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., проф. Сәтенова С.К.

Зергерлік әрбір халықтың көне тарихымен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан дәстүрлі өнер екендігі баршамызға мәлім. Қазақ халқының зергерлік өнері ғасырлар бойы дамып, жетіліп, халық тұрмысына сіңісудің нәтижесінде ұлттық мәдениеттің маңызды бір бөлігіне айналды. Қарапайым халықтың бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талғай да білген. Қазақ халқының зергерлік туындыларына қарай отырып, оның эстетикалық талғамының өте жоғары деңгейде болғанын көре аламыз. Өнердің бұл түрі қолөнердің бір саласы